




Ақмола облысы әкімдігінің
2024 жылғы 18 сәуірдегі
№А-4/175 қаулысымен
бекітілді

«Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтау және диагностикалау, білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, педагогтерге, ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге кеңес беру, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және қолдау көрсету үшін мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

3. Ақмола облысының әкімдігі коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Ақмола облысының білім басқармасы» (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының психологиялық қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Пушкин көшесі, 17.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

7. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, қазыналық органдарында шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

8. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

10. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аймақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің психологиялық әл-ауқатын сақтауға және нығайтуға бағытталған психологиялық қызметтің бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты:

1) білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек көрсету;

2) білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және көмек көрсету сапасын арттыру;

3) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің тиімділігін бағалау және қызметін үйлестіру, мониторинг пен талдау жүргізу;

4) білім беру ұйымдарының педагог-психологтарын, әлеуметтік педагогтерін аттестаттаудан өткізуге жәрдем көрсету;

5) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау;

6) психологиялық қызмет мамандары мен педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыру, супервизиялар жүргізу;

7) балалардың психологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету бойынша ведомствоішілік және ведомствоаралық өзара іс-қимылға жәрдемдесу және дағдарыстық жағдайларға жедел ден қою;

8) психологиялық қолдау мен көмек көрсету сапасын арттыру саласында үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпкерлік субъектілерімен, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен халықаралық ынтымақтастық, әріптестік, жобаларды іске асыру болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) консультациялық-дамытушылық;

2) ғылыми-әдістемелік;

3) ұйымдастырушылық;

4) мобильді әрекет ету;

5) кәсіби құзыреттілікті арттыру;

6) ведомствоаралық өзара іс-қимыл;

7) халықаралық, республикалық ынтымақтастық;

14. Консультациялық-дамытушы қызметі төменгі мәселелерді қамтиды:

1) дағдарыс жағдайындағы білім алушыларға, тәрбиеленушілерге психологиялық кеңес беру;

2) білім беру процесіне қатысушыларға, оның ішінде жазғы кезеңде кеңес беру;

3) сенім телефонының жұмысын ұйымдастыру, онлайн-консультациялар өткізу;

4) білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер, білім басқармаларының, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің мамандары үшін психозмоционалдық, мінез-құлық, психоэлеуметтік проблемаларды, дағдарыстық жағдайларды, оның ішінде зорлық-зомбылықпен, буллингпен, суицидпен байланысты мәселелерді шешуге бағытталған тренингтер, сабақтар өткізу.

15. Ғылыми-әдістемелік қызмет мыналарды қамтиды:

1) білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің мамандарына әдістемелік көмек көрсету;

2) білім беру процесіне қатысушыларға кешенді психологиялық көмек көрсету жобаларын, бағдарламалары мен алгоритмдерін әзірлеу;

3) ата-аналарды немесе балаларды дамыту мен тәрбиелеу жөніндегі өзге де заңды өкілдерді ағарту;

4) ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, вебинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, кездесулер дайындау және өткізу;

5) балалардың психологиялық саулығының өзекті мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушылар үшін ғылыми-практикалық ұсынымдар әзірлеу;

6) озық халықаралық және республикалық тәжірибені зерделеу және тарату;

7) кәсіби шеберлік конкурстарын әзірлеу және өткізу.

16. Ұйымдастырушылық қызметке мыналар кіреді:

1) өңірдің білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің желілік өзара іс-қимылын ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің қызметін цифрландыру;

3) білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтерінің қызметін үйлестіру, мониторингін ұйымдастыру және жұмысын талдау;

4) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қорғау жөніндегі бағдарламалар мен жобаларды іске асыру.

17. Мобильді әрекет ету мыналарды қамтиды:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық қызметтердегі проблемалары мен қажеттіліктерін бағалауды жүргізу;

2) дағдарыс жағдайында білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық көмек көрсету;

3) зорлық-зомбылыққа, буллингке, кибербуллингке және олардың құқықтарының басқа да бұзылуына ұшыраған немесе куә болған білім алушыларға, тәрбиеленушілерге көмек көрсету.

18. Кәсіби құзыреттілікті арттыру мыналарды қамтиды:

1) білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтері мамандарының кәсіби құзыреттілігін және кәсіби даярлығын арттыруға жәрдемдесу;

2) әдістемелік ұсынымдар, құралдар, кейстер әзірлеуді қоса алғанда, кәсіби құзыреттілікті арттыру жүйесін әдістемелік сүйемелдеу;

3) білім беру бағдарламаларын, педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, білім беру ұйымдары әкімшілігінің, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің кәсіби құзыреттерін арттыру курстарын әзірлеу;

4) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық саулығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша, оның ішінде супервизия жүргізу арқылы педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтердің, білім беру ұйымдары әкімшілігінің және педагогтердің кәсіби құзыреттерін арттыру;

5) жас педагог-психологтардың, әлеуметтік педагогтардың кәсіби қалыптасуына әдістемелік қолдау көрсету.

19. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл мыналарды қамтиды:

1) өңірлердегі бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілмен өзара іс-қимыл жасау;

2) өңірдің білім беру ұйымдарының психологиялық қызметтері қызметінің бағыттары бойынша ведомствоаралық және ведомствоішілік өзара іс-қимылды іске асыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің зорлық-зомбылық, буллинг, суицид және басқа да құқықтарын бұзу фактілерін зерделеу және саралау жөніндегі өңірлік ведомствоаралық топтардың жұмысына қатысу;

4) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің аутодеструктивті мінез-құлқына байланысты жағдайлар туындаған жағдайда ведомствоаралық ұйымдар мамандары отырысының жұмысын ұйымдастыру;

5) басқа мүдделі ведомстволармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

20. Халықаралық, республикалық ынтымақтастыққа кіреді:

1) білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет жүйесін жетілдіру бойынша халықаралық, республикалық ұйымдармен және кәсіпкерлік субъектілерімен әріптестікті дамыту;

2) табысты халықаралық, республикалық тәжірибені зерделеу және тарату;

3) психологиялық қызметті дамытудың өзекті бағыттары бойынша халықаралық, республикалық форумдарға, конференцияларға қатысу.

21. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

22. Мемлекеттік мекемемен Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның, прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

23. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

24. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

25. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады: 1 алынып тасталды

1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7-т. алынып тасталды

6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

27. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

28. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

29. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

30. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі төмендегілер:

1) оған меншік иесі берген мүлік;
2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

32. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

34. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

35. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

36. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

37. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мекеме Құрылтайшысының шешімі бойынша жүзеге асырылады және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

8-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

38. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

43. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады.

44. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруынан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

45. Кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған, осы заңды тұлғаның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

9-тармақ. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

42. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшының қолы

Т.А.Ә.

ҚОЛЫ

